

Көрнекті ғалымға арналған тағылымды жиын

Мұхтар Эуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіндегі көрнекті шығыстанушы, академик Әбсаттар қажы Дербісөліні еске алуға арналған жиын етті.

Алқалы басқосуға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымның шәкірттері мен замандастары қатысты.

Жиынды Auezov University Басқарма тәрағасы – Ректор Даиря Қожамжарова ашып, үлт зияпсы бола білген ғалымның ет алдындағы ерекше еңбелінен көнінен тоқталды. – Әбсаттар Бағысбайұлы – бүгінде бүкіл шығыс әлеміне белгілі, куллі түркі жүртіна қадірлі, қазақ елінің бірегей тұлғасына айналған жан. Осындағы біккө ол тынымсыз ізденісі мен қажырлық қайратының арқасында жетті. Өнегелі ғұмыр ешіп, соңына мол ғылыми мұра қалдырыған Әбсаттар Дербісөлінің жарқын бейнесі әрдайым ұмытылмайды, үрпақтар санасында жаңыра береді, – деді Даиря Қожамжарова.

Оқу орнының басшысы көрнекті ғалымның оқу-ағартушылық қызметі турасында да атап етті. – Ғалым әмір бойы әлемнің кай түктіріне барса да ұлттымызға қатысты жәдігерлерді жинаумен болды. Оның Каир, Үстамбул, Бағдат, Рабат, Тунис, Тегеран, Санкт-Петербург, Ташкент қалаларынан әкелген, жинаған коліказбалары әлі күнге жүйелі түрде

зерттеліп, ез бағасын алған жоқ. Ғалым сонғы мың жыл көлемінде қазақ жерінде дүниеге келген 38 Фараби, 11 Кердери, 34 Сайрами, 19 Түркістани, 53 Таразиді анықтап, оларға тарихи-библиографиялық және аналитикалық зерттеулер жасалды, – деді Auezov University ректоры.

Будан білек, жиын барысында жазушы-публицист Марат Тоқашбаев, филология ғылымдарының докторы, профессор Ислам Жеменей, ақын, КР еңбек сінірген қайраткері Ханбіб Есенқарақызы, филология ғылымдарының кандидаты Айнур Әбдірәсілқызы сынды азаматтар ғалым туралы естеліктерімен белсіл, пайымды пікірлерін ортага салды. – Ғылымга шын берілген, еркіске тиянақты қарайтын Әбсаттар Бағысбайұлы артына бай ғылыми мұра қалдырып қана қоймай, шыныстаңу дінтану саласында өзіндік дара жолын қалыптастырыды. Қазақ ғылымына ғана емес, бүкіл ислам әлеміне енбек сінген зерделі ғалымның әнерегі істері кейінгі үрпақ-

қа жалғаса бермек, – деп атап етті жиында сез алғандар.

Сондай-ақ шара барысында дінтанушының бірнеше еңбелінің тұсаукесері етті. «Обу Насыр әл-Фарabi. Қазақстан және шетел ғалымдарының зерттеулерінде», «Араб, парсы дәректеріндегі Тараз және Таразилер», «Ұлы Далаңың ұмытылған ойшылдары» кітаптары ғалымның үзак жылты қажырлық ізденістерінің жемісі. Еңбектерде ойшылдардың әмірі мен шығармашылығы жаң-жакты әрі нақты зерделенген. Кітапты Auezov University Басқарма тәрағасы – Ректор Даиря Қожамжарова, ғалымның жұбайы, «Академик, шейх Әбсаттар қажы Дербісөлі» Қорының құрылтайшысы Рафия Дербісөлиева, қогам қайраткері Әлімжан Күртаев және тағы басқа азаматтар көшікке таңыстырыды. Айта кетейік, атап ғылым жиын оқу орнының 80 жылдығы қарсаңында қолға алынған арнайы жоба шенберінде ұйымдастырылды.

